

Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№30 (10 285)

1 тамыз

жұма

2025 жыл

aksuoniri@mail.ru

АҚОРДА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПЕН РЕЖЕП ТАЙИП ЕРДОҒАН КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ



2025 жылғы 29 шілде,
Түркия, Анкара қаласы.
Түркия Республикасына ресми сапар-
мен келген Қасым-Жомарт Тоқаевты
Анкарадағы Президент сарайында сал-
танатты қарсы алу рәсімі өтті.

Қазақстан Президентінің сапары-
на орай Құрмет қарауылының сап түзеді.
Сарайға келген сәтінде Мемлекет
басшысының көртежін салт атты гвардия
бастап жүрді. Қасым-Жомарт Тоқаевты
Режеп Тайип Ердоған қарсы алды.

Қазақстан мен Түркияның мемлекеттік
әнұрандары шырқалып, зеңбіректен
21 рет оқ атылды. Екі елдің басшы-
лары Құрмет қарауылының алдынан
жүріп өтіп, бір-біріне ресми делегация
мүшелерін таныстырды. Одан соң мем-
лекеттер басшылары келіссөз жүргізді.

Келіссөз аясында президенттер
Қазақстан мен Түркия арасындағы
стратегиялық серіктестікті одан әрі
дамыту перспективасын жан-жақты
талқылады.

Сондай-ақ, сауда - экономикалық,
инвестициялық және мәдени -
гуманитарлық ынтымақтастықты нығай-
туға баса мән берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев қонақжайлық
танытқаны үшін Түркия Президентіне
алғыс айтты.

Режеп Тайип Ердоған екі ел
арасындағы қарым-қатынасты жаңа әрі
сапалы деңгейге шығаруға дайын екенін
растады.




ҚҰРМЕТТІ ЖАНСҮГІРОВ АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ ЖӘНЕ ҚОНАҚТАРЫ!

Қазақстан Республикасының «Әскери
қызмет және әскери қызметшілердің
мәртебесі туралы» №561 заңының
- 33, 43 бабына және Жетісу облысы
әкімдігінің 2025 жылғы 16 шілдедегі
«Әскери жиындарды өткізу тура-
лы» №224 ҚБП қаулысына сәйкес,
2025 жылдың тамыз айының 19-29
күндері аралығында аудан орталығы
Жансүгіров ауылында арнайы
тактикалық оқу-жаттығу өткізіледі.

Осыған орай, әскери жасақшылар-
дың, техникалардың ауыл ішінде жыл-
жуы кезінде алаңдаушылық туғызбай,
түсіністік танытып, тек сенімді ақпарат
кездеріне қарауларыңызды сұраймыз.

АҚСУ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ
АППАРАТЫ.

"ТАЛДЫҚОРҒАН – ҰШАРАЛ" МАГИСТРАЛДЫ ГАЗ ҚҰБЫРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН АЯҚТАЛАДЫ



«Талдықорған - Ұшарал»
магистралды газ құбырының
құрылысы биылғы жылдың
қыркүйек айында толық
аяқталады. Соның нәтижесінде
Жетісу облысының Ақсу, Сарқан,
Алакөл аудандарындағы 84
елді мекен табиғи газбен
қамтылады. Бұл туралы об-
лыс әкімі Бейбіт Исабаевтың
Алакөл ауданындағы жұмыс са-
пары барысында белгілі болды,
- деп хабарлайды Жетісу облы-
сы әкімінің баспасөз қызметі.

Еске салсақ, өткен жылы
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Жетісу
облысына келген сапарын-
да «Талдықорған - Ұшарал»
магистралды газ құбырының
құрылысы басталған болатын.
Ел Президенті тапсырмасының
аясында жүзеге асырылып
жатқан осы іргелі жобаның
іске асырылу барысымен та-
нысу мақсатында облыс әкімі
«Ұшарал» АГТС нысанында
болды.

«Интергаз Центральная Азия»

АҚ Алматы филиалы магистрал-
ды газ құбыры басқармасының
директоры Руслан Сүйіндіковтің
айтуынша, магистралды газ
құбырының ұзындығы - 302,4
км, диаметрі 530 мм. Желінің
бойында 6 автоматтандырылған
газ тарату станциялары салы-
нуда. Станциялардағы құрылыс
жұмыстары 80 %-ға аяқталған.

- Бүгінгі күнге төрт станцияның
технологиялық құрал - жабдық-
тары сынақтан өткізілді.
Жақында тағы 2 станцияда сынақ
жұмыстары жүргізіледі. Маги-
стралды газ құбыры құрылысын
аяқтау мерзімі 2026 жылдың
соңы деп белгіленген болатын.
Дегенмен жобаның әлеуметтік
маңыздылығын ескеріп, оған
күш жұмылдырудың арқасында
мерзімінен 1 жыл 4 ай бұрын,
яғни, алдағы қыркүйек айын-
да аяқтаймыз деп жоспар-
лап отырмыз. Аталған жоба-
ны іске асыру нәтижесінде 84
елді мекен көгілдір отынмен
қамтылып, 440 мыңдай тұрғын
газға қосылуға мүмкіндік алады.

Қазір аудан әкімдігімен бірге
АГТС-тан елді мекендерге газ
құбырын тарту жұмыстарының
жобалық-сметалық құжаттары
әзірленуде. Бұдан соң елді ме-
кендерге көгілдір отын тарту
жұмыстары кезең - кезеңімен
атқарылады, - деді Руслан
Сүйіндіков.

Өңір басшысы бұл жобаның
аймақтың әлеуметтік -
экономикалық дамуындағы
ерекше рөлін атап өтіп:

- «Талдықорған - Ұшарал»
магистралды газ құбырының
құрылыс жұмыстарының
аумақтың тұрмыс деңгейін
көтерудегі маңызы зор. Газ
жеткізілсе, бұл осы аймақтағы,
зауыттарға, жылыжайларға,
шағын және орта бизнес
нысандарының жұмысына
жаңа серпін береді. Бұған қоса
бөлашақта газ құбыры лупингін
де қолға алу қажет, - деді Бейбіт
Исабаев.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ
ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ
ҚЫЗМЕТІ.

Жетісу облысының Алакөл ауданында биыл 12 медицина нысаны іске қосылады



Алакөл ауданының Достық
ауылындағы 600 орындық «Келе-
шек мектебі» жаңа оқу жылында
қолданысқа беріледі. Сонымен
қатар Ұшарал қаласында оқушы
орнының тапшылығы мәселесін
шешу үшін 600 орындық мектеп
құрылысының жобасы даярла-
нуда. Бұл туралы облыс әкімі
Бейбіт Исабаевтың Алакөл ау-
даны тұрғындарымен кездесуі
барысында айтылды, - деп ха-
барлайды Жетісу облысы әкімінің
баспасөз қызметі.

Өңір басшысының айтуын-
ша, ауданда денсаулық сақтау
инфрақұрылымын жақсарту
бағытында өткен жылы 4 нысан
Қамысқала ауылында дәрігерлік
амбулатория, Арқарлы, Қоңыр
және Бибақан ауылдарында 3
блокты-модульді медициналық
пункт қолданысқа берілген. Биыл
12 денсаулық сақтау нысанын
іске қосу жоспарланған, оның 9-ы
«Ауылдағы денсаулық сақтауды
жаңғырту» ұлттық жобасы аясын-
да салынады.

- Медицина нысандарының
материалдық-техникалық ба-
засын нығайтуға да көп көңіл
бөлініп келеді. Осы жылы ауданға
3 санитарлық автокөлік сатып
алынып, Бұлақты, Теректі ауы-
лдары мен Ұшарал қаласына
берілді. Сондай-ақ, аудандық
орталық ауруханаға сандық
маммограф, С-тәрізді доғасы
бар электронды - оптикалық
түрлендіргіш, рентгендік цифрлық
тракты аппарат сияқты за-
манауи медициналық құрал-
жабдықтар сатып алуға қаржы
бөлінді. Бүгінгі күнге конкурстар

аяқталды, жабдықтар қазан айы-
на дейін жеткізіліп, орнатылады,
- деді Б.Исабаев.

Осы ретте ауданға өткен жылы
жұмысқа келген 9 дәрігерге
80 млн. теңге көлемінде
қайтарымсыз көтерме жәрдемақы
төленгенін, сонымен қатар 7
дәрігерге Ұшарал қаласы мен
Қабанбай ауылында тұрғын үй
берілгенін де атап өтуге болады.

Облыс әкімі өз сөзінде спорт
пен мәдениет салаларындағы
қолдау шараларына да тоқталып
өтті. Мәселен, 2024 жылы Достық
ауылында 180 орынды дене
шынықтыру сауықтыру кешені
салынса, биыл Лепсі ауылында
да осындай кешен, 244 орын-
ды жатақхананың құрылысы
аяқталған, алдағы қыркүйек
айында қолданысқа беріледі.
Сол сияқты «Ауыл - Ел бесігі»
бағдарламасы аясында Екпінді,
Көлбай ауылдарында мәдениет
үйлері салынып жатыр.

Жалпы 2024 - 2025 жылдары
ауданға инфрақұрылымдық,
әлеуметтік нысандарды салуға,
қайта жаңғыртуға және жоба-
лау жұмыстарына бюджеттен
41,5 млрд. теңге бөлінген. Бұл
облыстың аудандарға бөлген
қаражатының ішінде ең ірі
бюджеттердің бірі саналады және
бұл қаражат халықтың өмір сүру
сапасын жақсартуға бағытталып
отыр.

Облыс әкімі тиісті лауазымды
тұлғаларға бюджет қаражатының
уақытылы, сапалы игерілуін қатаң
бақылауда ұстауды тапсырды.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Жетісу облысында аутизмді бар балаларға арналған орталықта 40 орындық жаңа корпус ашылды



Талдықорғанда аутизм және басқа да менталды ауытқулары бар балаларға арналған күндізгі болу орталығы үш жылға жуық уақыттан бері жұмыс істеп келеді. Бүгін орталықтың қосымша 40 балаға арналған екінші корпусы ашылды, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Орталыққа балалар ПМПК-ның жолдамасымен және жеке оңалту жоспары бойынша қабылданады. Балалармен күніне төрт - төрт жарым сағат көлемінде сабақ өткізіледі. Мұнда дефектолог, логопед, тәрбиеші және мінез-құлықты түзетуге көмектесетін АВА терапиясы мамандары жұмыс істейді.

Облыстық жұмыспен қамтуды

үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Сәния Наурызбаеваның айтуынша, қосымша бөлімше арнайы көмекке деген сұраныстың артуына байланысты ашылып отыр. Бүгінде өңірде «аутизм спектрінің бұзылысы» (АСБ) диагнозы қойылған 460-тан астам бала мен жасөспірім тіркелген.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың IV отырысында осындай диагнозы бар балаларға ерекше көңіл бөліп, оларға арнап оңалту орталықтарын ашу қажеттігін айтқан болатын. Біздің өңірде бүгінде балаларға арналған жеті оңалту орталығы жұмыс істейді. Талдықорғандағы осы орталық үш жыл бұрын

ашылған. Облыс әкімдігінің қолдауының арқасында бүгін біз екінші корпусын пайдалануға беріп отырмыз. Аутизмді бар балаларға арналған орталықтың бұл филиалы ғимараттың жалпы ауданы – 580 шаршы метр. Біздің мақсатымыз – аутизмді бар балалардың өз әлеуетін ашуына көмектесу, оларды қоғамға бейімдеу, – дейді С. Наурызбаева.

Атап өтсек, бұл ғимаратта да негізгі корпусы сияқты медбике, дәрігер, дефектолог, логопед сияқты қажетті педагогикалық және медициналық мамандар жеткілікті. Және барлық қажетті жабдықтармен толық қамтамасыз етілген.

Осы орайда Орталыққа келіп жүрген балалардың ата-аналары да пікір білдірді. Сегіз жасар Аңсар Берікжанның анасы Назгүл Серікова:

– Біз бұл жерде біраз уақыт оңалту шараларын қабылдадық. Соның арқасында ұлым мектепке барды. Биыл екінші сыныпқа көштік. Бұрын Аңсар атын атағанда мүлде қарамайтын. Қазір нақты ілгерілеу бар. Балаларға көрсеткен қамқорлықтары үшін орталықтың барлық қызметкерлеріне үлкен рақметімді айтамын! – дейді.

Қазіргі уақытта Талдықорғанға жақын орналасқан аудандарда тұратын осындай диагнозы бар балалардың тізімі жасалып жатыр. Жақын арада бұл балалар жаңа корпусқа қабылданатын болады.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Фотосуреттердің авторы: Дмитрий ЕРОФЕЕВ

«Мектепке жол» акциясы аясында 16 мыңнан астам жетісулық балаға көмек беріледі



Осы жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйегі аралығында «Мектепке жол» республикалық акциясы ұйымдастырылады. Биылғы жылы облыста әлеуметтік осал топтағы 16650 балаға көмек көрсету жоспарлануда, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жыл сайынғы бұл дәстүрлі акция аз қамтылған, көп балалы, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету мақсатында өткізіледі.

Бүгінгі күні акцияны ұйымдастыру және өткізу бойынша өңірлік іс-шаралар жоспары жасалып, көмекке мұқтаж балалардың тізімі жинақталып, бекітілген.

«Биылғы жылға аудан, қалаларда әлеуметтік осал топтағы 16650 баланың мектепке жиналуына көмек көрсетіледі деп жоспарланып отыр. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы аясында әлеуметтік осал топтағы отбасылардың 25229 баласын киім-кешек, кеңсе тауарларымен қамту мақсатында жергілікті бюджеттен 1,1 млрд. теңгеден астам қаражат бөлінді. Бүгінгі күнге Ақсу, Көксу, Кербұлақ аудандарында 100% аударым жасалды. Қалған қала, аудандарда 15 тамызға дейін толық аяқтау жоспарда бар», – делінген облыстық білім басқармасының хабарламасында.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫНЫҢ АУРУЛАРЫ

Ауылшаруашылық саласында жоғары сапалы өнім алу және түсімді ұзақ уақыт сақтау үшін өсімдік ауруларының алдын алу аса маңызды болып табылады. Аурулар негізінен өсімдіктің барлық мүшелерін залалдайды. Аурудың әсерінен тұқым өнгіштігі, өнімділік коэффициенті, өсімдіктердің қолайсыз жағдайларға төзімділігін төмендетеді. Түсім азайып, өнімнің сапасы нашарлайды. Ауданымыздағы негізінен өсірілетін дақыл ол қант қызылша дақылы. Қант қызылшасының ең қауыпті ауруларының бірі ақ ұнтақ ауруы. Дақылдың жапырақтары, сабақтары мен жапырақ сабақтары шалдығады. Оларда өрмекшінің торы тәріздес селдір ұлпа пайда болып, соңынан нығыздалып қалыңдап, киізденеді. Ауру белгілері өсімдіктің өсу кезеңінің екінші жартысында байқалады. Ақ ұнтақ ауруы шілде айынан бастап қазан айына дейін қызылша танаптарында жаппай таралуы ықтимал. Сондықтан шаруа қожалықтары қант қызылшасының ақ ұнтақ ауруларына қарсы фунгицид препараттарымен 15-20 күн аралығында 2 қайтара химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізулеріңізді қажет етеді. Алғашқы дөрілеуді аурудың белгілері анықтала бастаған кезден бастап жүргізу қажет. Химиялық өңдеу жұмыстарына төмендегідей фунгицидтерді ұсынамыз. Тосин–м 70% с.п (0,6-0,8кг/га), скор 250 к.э. (0,4л/га), Колфуга - супер 20% в.с.2,0л/га. Церкоспороз ауруға шалдыққан қант қызылшасының жапырақтарында диаметрі 2-4 миллиметрдей дөңгелек ақшыл қоңыр, кейде қызыл қоңыр дақтар пайда болады. Ауруға қатты шалдыққан кезде дөңгелек дақтар бір-бірімен қосылып, қарайып жиырылады да қурап қалады. Қураған жапырақ біразға дейін түспей тұрады. Ауру жаңбыр жел және т.б. арқылы тарайды.



Химиялық өңдеу жұмыстары қолданылатын фунгицидтер ХО-ЛОРОКИСЬ МЕДИ %с.п.(3,2-4,0 кг/га), Топси –М 70% с.п (0,6-0,8кг/га), СКОР 250 к.э. (0,4л/га). Переноспороз ауруына қызылшаның жапырақтарымен өркендері шалдығып, оларда сұрғылт өңез пайда болады. Жапырақ төмен қарай ширатылып, тақтасы ақшыл-жасыл түсті болып, қалыңдап сынғыш келеді. Жапырақтың астыңғы жағында, кейде үстінде сұрғылт-күлгін өңез пайда болады. Ауруға шалдыққан жапырақтар бірте - бірте қурап қалады. Химиялық өңдеу жұмыстарына қолданылатын фунгицидтер Меди %с.п.(3,2-4,0 кг/га), Альто 40с.к.(0,15л/га) Скор 250 к.э. (0,4л/га).

Тамыр жегісі ауруымен жас өскіндердің түптері мен тұқым жарнағы залалданады, оларда қоңыр дақ немесе жолақтар пайда болып, буылтықтар түзіледі. Өсімдіктер өскіні көрінгенен бастап екінші қос жапырағы шыққанға дейін залалданады. Өскіннің ұшында дақтар немесе сызықшалар пайда болып, қарая бастайды. Дақтар ұлғая келе қосылып, тамырша түгел қараяды. Ауруға шалдыққан өскіндер солып, қурап қалады. Аурудың дамуына сапасыз тұқым,

себүді мерзімінде жүргізбеу, ауа температурасының құбылмалы болуы салдарынан ауру пайда болады. Топырақ бетінің қабыршықтануы, қоректің жетіспеуі, сондай-ақ ауыр сазды топырақ қолайлы жағдай туғызады. Ауру қоздырғыштарымен залалданған өсімдік қалдықтары топырақ қабатында сақталады. Ауру көктемнің жауын-шашынды, дымқылдың шектен тыс болуы салдарынан қатты дамиды.

Аталған аурулардың алдын - алу үшін төмендегідей агротехникалық іс - шараларды жүргізу қажет.

1. Ауыспалы егіс жүйесін сақтау.
2. Органикалық және минералдық тыңайтқыштарды жеткілікті мөшерде беру.
3. Арамшөптерге, зиянкестерге және ауруларға қарсы комплексі жүйені іске асыру.
4. Өсімдік жер бетіне шыққанға дейін және шыққаннан кейін егістікті тырмалау жұмыстарын жүргізу.

Е.ӘСЕНБЕК, ҚР АШМ АӨК МИК «РФДЖБӨ» РММ Ақсу аудандық филиалының бас фитопатологы.



АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ



2025 жылғы 1 тамыз бен 20 қазан аралығында Қазақстанда Ұлттық ауылшаруашылығы санағы өтеді. Бұл кең ауқымды статистикалық бақылау елдің барлық өңірін қамтып, аграрлық сектордың жай-күйі туралы өзекті ақпараттың маңызды көзіне айналады.

Санақ екі кезеңде жүргізіледі. Онлайн-кезең 1-31 тамыз аралығында өтеді. Оған өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы және барлық шаруашылығымен айналысатын заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, шаруа және фермер қожалықтары, сондай-ақ ауылшаруашылығымен шұғылданып отырған шаруашылықтар міндетті түрде қатысуы қажет. Санақ sanaq.gov.kz арнайы сайтында жүргізіледі.

Офлайн-кезең 20 қыркүйек пен 20 қазан аралығында өтеді. Бұл кезеңде онлайн-сауалнамаға қатыспаған, бірақ

үй жанындағы жер телімі, бақша, бау - бақша немесе ауыл шаруашылығы жануарлары бар үй шаруашылықтарына интервьюерлер жеке барып сауалнама жүргізеді.

Санаққа шамамен 8 357 үй шаруашылығы мен 2 803 мыңнан астам ауыл шаруашылығы өндірушілері қатысады деп күтілуде. Азаматтардың ыңғайлылығы үшін ауылдық әкімдіктер (Е-gov орындары) мен аудандық статистика бөлімінде интернетке қолжетімді өз-өзіне қызмет көрсету аймақтары ұйымдастырылды. Қосымша ақпарат пен кеңесті 1446 нөмірі бойынша call-орталықтан және 2-16-67 нөмірі аудандық статистика бөлімінде алуға болады.

Деректерді уақтылы әрі толық ұсыну мемлекетке аграрлық саясаттың басымдықтарын дәлірек айқындауға және ауыл шаруашылығы өндірушілерінің нақты қажеттіліктеріне жауап беретін шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Ауылшаруашылығы санағы – Қазақстан агроөнеркәсібінің күшейтетін қадамы!

АУДАНДЫҚ СТАТИСТИКА БӨЛІМІ.

Тұрғын үй кезегіне қою және үй беру Әкімдікте емес, "Отбасы Банк" АҚ арқылы жүргізіледі



Биылғы жылдың 24 мамырынан тұрғындарды тұрғын үй кезегіне қою және үй беру құзыреті жергілікті әкімдіктен «Отбасы банк» АҚ-ға берілген. Бұл туралы бүгін облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың Алакөл ауданы тұрғындарымен кездесуінде айтылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

«Отбасы банк» АҚ Жетісу облыстық филиалының директоры Жасұлан Құрманғалиевтың айтуынша, осы жылдың мамыр айынан тұрғын үй кезегіне қою және үй беру міндеті «Отбасы банк» АҚ-ға жүктеліп отыр. Бұған дейін үй алу кезегі Kerekte.kz цифрлық платформасы арқылы жүргізілсе, енді бұл orken.otbasybank.kz порталына көшірілуде. Бүгінге дейін порталды техникалық тұрғыдан жетілдіру, азаматтардың кезегі, яғни, бұрынғы базаны жаңа жүйеге көшіру, талдау жұмыстары жүргізілді. Алдағы 1 тамыздан бастап жаңа жүйе іске қосылады.

- Жалпы тұрғындарға жалдамалы және несиелік үйлер беріледі. Несиелік үй беру

бұрынғы қалыптасқан ережелер негізінде іске асырылса, жалгерлік үйлер беруде адамның кезекте тұрған күні негізге алынады. Жалдамалы үй алатын азаматтарға төлем қабілетін растаудың қажеті жоқ. Жалдамалы баспананың 70%-ы әлеуметтік осал топтарға беріледі. Ендігі жерде азаматтарға тұрғын үй кезегі үшін жергілікті әкімдіктерге барудың қажеті жоқ, «Отбасы банк» филиалына жүгінуі керек. Біз бұл туралы толыққанды түсіндіру үшін облыстың барлық аудан-қалаларын аралауды жүйе іске қосылатын 1 тамыздан бастаймыз, - деді Жасұлан Құрманғалиев.

Атап өтсек, Алакөл ауданында бүгінгі күні кезекте 1 674 адам тұр. Аталған мәселені шешу мақсатында кезек-кезеңімен нақты жұмыстар атқарылуда. Биылғы жылы халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 100 жалдамалы тұрғын үй құрылысы жүргізілуде, осы жылдың аяғына дейін беріледі.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.**

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕЛМЕГЕН ҚОҒАМ ҚҰРУ — БАРШАМЫЗДЫҢ ОРТАҚ МІНДЕТІМІЗ

«Кедергісіз келешек» жобасы аясында мүмкіндігі шектеулі жандардың қолөнер көрмесі өтті.

Бүгінде мемлекетімізде әлеуметтік әділеттілік пен инклюзивті қоғам құру жолында бірқатар жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Осы бағыттағы нақты қадамдардың бірі ретінде «AMANAT» партиясының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Кедергісіз келешек» партиялық жобасын атауға болады.

Аталған жоба аясында Ақсу ауданында мүмкіндігі шектеулі жандардың қолөнер туындыларына арналған көрме ұйымдастырылды. Іс-шараның басты мақсаты — ерекше жандардың қоғам өміріне белсене араласуына мүмкіндік беру, олардың шығармашылық әлеуетін көрсету және инклюзивті ортаны дамытуға бағытталған қоғамдық пікір қалыптастыру.

Көрменің салтанатты ашылуында аудан әкімі Берік Тынышбайұлы құттықтау сөз сөйлеп, бастаманың маңыздылығына тоқталды.

— Бүгін біз бәріміз үшін маңызды, мәні терең, болашағы жарқын «Кедергісіз келешек» атты игі бастаманың аясында жиналып отырмыз. Бұл — тең мүмкіндіктер қоғамын қалыптастыруға, әрбір адамға өзінің өмірлік әлеуетін толықтай жүзеге асыруға жол ашатын маңызды қадам. Біздің басты міндетіміз — қоғамда инклюзивті ортаны дамыту арқылы барша



азаматтарға тең мүмкіндік беру, — деді аудан басшысы.

Шара барысында аудандық партия филиалының төрағасы А.Құрманғалиева да сөз алып, аталған көрме ерекше қажеттіліктері бар жандардың мүмкіндігін шектемей, керісінше олардың қолынан келетін іс пен талантын елге паш етуге мүмкіндік беретінін атап өтті.

— Бүгінгі іс - шараның басты мақсаты — инклюзивті орта қалыптастыру, әр адамның өмірге деген құлшынысын арттыру, олардың арманына жол ашу. Біз бірлесіп отырып, кедергілерді емес, мүмкіндік пен үмітті бірге көреміз деген сенімдеміз, — деді А.Құрманғалиева.

Көрмеге қатысқан шеберлердің қолынан шыққан бұйымдар — кестеленген суреттер, тоқыма өнімдер,

ағаш және қағаз бұйымдары көрермендер тарапынан зор қызығушылық тудырды. Көпшіліктің назарына ұсынылған әр туынды — тек бір адамның еңбегі емес, сонымен қатар оның өмірге, қоғамға деген оң көзқарасының, ерік-жігерінің көрінісі.

Іс - шара соңында белсенді қатысушылар мен қолөнер туындыларының авторларына алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды.

Осындай мазмұнды шаралар қоғамның ерекше жандарға деген көзқарасын өзгертіп, оларды қолдауға бағытталған нақты іс-шаралардың үлгісі ретінде қызмет етеді. «Кедергісіз келешек» жобасы аясындағы бастамалар алдағы уақытта да жалғасын табады деп жоспарлануда.

● ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

ДЕПУТАТТЫҚ ФРАКЦИЯ ОТЫРЫСЫ

Шекаралық аймақтарды дамыту мақсатында жаңа заң жобасын әзірленуіне байланысты Суықсай ауылдық округінде "AMANAT" партиясының көшпелі депутаттық фракция отырысы өткізілді.

Отырысқа ардагерлер, аналар, және ауылдық округтің жастары қатысты.

Отырыс барысында қоғамдық талқылау өткізіп, ұсыныстар жинақталды.

**"AMANAT" ПАРТИЯСЫ
АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫ.**



ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ ЕҢБЕГІН БАҒАЛАП ЖҮРЕЙІК!



Осы бір жазып отырған шағын мақаламызға «Таза Қазақстан» мен «Жұмысшы мамандықтар жылы» деген екі логотипті бірақ қоюға болады. Себебі, бұл мақаламыздағы кейіпкер ауылымыздың абаттандырылуына өз үлесін қосып келе жатқан нағыз еңбек адамы.

Таң бозарып атқаннан, күн қызарып батқанша қолдарына қаптарын алып ауыл тазалығын ойлап, ауыл тұрғындарының шашып кеткен қоқыстарын жинап, гүлзарларды суғарып, шөбін шөптеп, көшелерді сыпырып жүрген қоғамдық жұмысшылардың еңбегін тұрғындар көздерімен көріп, ауыздарымен айтып жүр. Тек сол айтылған әңгімелерді еститін құлақ болса болғаны. Ал, құлақтары барлар сол еңбекті бағалап, өздерінің шашқан қоқыстарын басқа бір адам жинайтынын саналарына сіңіріп, «Тазалық

жинағаннан емес, шашпағаннан» екенін біліп жатыр.

Міне, сол ауыл тазалықшыларының бірі - Бұлбұл Жұмаханқызы еңбек демалысына шықты. Жансүгіров ауылдық округінің әкімдігінде қоғамдық жұмысшылардың қатысуымен жиын өтіп, сол жиында еңбек адамының еңбектері бағаланып, округ әкімі Ілияс Мұсабаламов жүрекжарды құттықтау жазылған «Алғыс хатын» табыстаса, әріптестері арқасына шапан мен ақ жаулық жапты. Алғыс хатта: Құрметті Бұлбұл Жұмаханқызы - еңбегіңіз еленіп, құрметті демалысқа шыққан қуанышты күннің құтты болсын.

Өзіңіздің ұзақ жылғы адал еңбегіңізбен, көпшіл, адамгершілік асыл қасиеттеріңізбен кейінгі ұрпаққа үлгі бола білдіңіз. Жансүгіров ауылының абаттандыруына, қоғамдық жұмыстарына белсенді үлес қосқаныңыз үшін алғысым шексіз.

Сізге, отбасыңызға мол ырыс, береке — бірлік, зор денсаулық, баянды бақыт, балаларыңыз бен немерелеріңіздің арасында шаттық тілеймін — деп жазылыпты.

Иә, шынымен де ұзақ жылғы адал еңбегі ақталса кім де болса қуанады. Әріптестері, округ әкімінің орынбасары, тура осы қоғамдық жұмысшылармен бірге жүретін Сағит Жанғазы ұлы да құттықтап, Бұлбұл тәтемізге әдемі гүл шоғын ұсынды. Осындай асыл қасиеттерімен кейінгі ұрпаққа үлгі бола білген адамдарды нағыз жұмысшы мамандықтары демегенде қалай атаймыз.

Округ әкімі Ілияс Мұсабаламов айтқандай, өскелең ұрпаққа үлгі болатындай іс жасап, өзіміздің үйімізге, ауылымызға, Отанымызға деген сүйіспеншілігімізді осы кісілерден үйренуіміз керек.

Сол үшін ақша алады, өздерінің жұмысы деп жеген балмұздақтарының, ішкен

сусындарының босаған ыдыстарын қасақана шашып кететін де тұрғындар кездесіп жатады. Тіпті кейбіреуін өз көзіммен көріп, ақылға шақырған кездеріміз де болған. Ауылдың тазалығы ол кісілердің жинағанынан емес өзімізден басталатынын ұмытпауымыз керек.

Ауылымыз көгеріп, жайнап тұрғаны осы қоғамдық жұмысшыларға ғана қажет емес. Өзіміздің тұратын тұған жерімізді таза ұстау баршаның міндеті.

Иә, апта сайын тазалық мәселесі газетімізден түскен емес, «Тазалық жинағаннан емес, шашпағаннан» «Сана жармай, дала тазармайды», «Ұялмайтын ауыл болайық» деген мақалалар осы ауылымыздың таза болуын көздейді.

Ендеше, еңбек адамдарының еңбегін бағалап жүрейік. Отырған орнымызды шашып кетпей, тазалап жүрейік ағайындар.

Ербол СЫМХАНОВ.

Таза
Қазақстан

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ СИМВОЛ



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ



МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІКТІҢ БІРДЕН - БІР БАСТАУЫ – ХАЛЫҚ

(Қазақстан Республикасы Конституциясының 3-бабының, 1-бөлігі)

КОНСТИТУЦИЯ – ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ



Еліміздің Конституциясы мемлекетіміздің құрылымын айқындаған, егемендігін бейнелейтін, барлық заң мен заңнамалардың «қайнар бұлағы» саналған аса маңызды құжат болып табылады.

Әсіресе, тәуелсіз мемлекетіміздің өсіп - өркендеуімен дамуы жолында және елдегі саяси процестердің қалыптасуында Ата занымыздың орны ерекше.

30 тамыз – күнтізбеге Ата заңымыз қабылданған күн ретінде енді. Мемлекеттік құрылыстың құқықтық негізін қалыптастырушы құжат қабылданған күн елімізде кең көлемде аталып өтеді. Атаулы мерекеге орай тамыз айының басынан бастап дайындық жұмыстары басталып кеткен.

Еліміздің ең басты әрі маңызды құжаты 1995 жылы 30 тамызда қабылданды. Содан бері ата заңға алты рет өзгеріс енгізілген. Соның ең ауқымдысы һәм республиканың реңін өзгерткен референдум 2022 жылы болды. Бұл Қазақстанның жаңғыру жолын айқындаған тұтас елдің шешімі болды. Қазақстан суперпрезиденттік басқару формасынан күшті парламенті бар президенттік формаға көшті.

Осы референдумнан кейін конституциялық заңдар қабылданды. Соның ішінде сайлау туралы заңға үлкен өзгеріс келтірілді. Тікелей, сайлау, жанама емес, тікелей, тікелей сайлағанда халық кімді сайлағанын біледі. Дауыс бергісі келсе береді, бергісі келмесе, бермейді. Еркін болған нәрсе ол демократияның үлгісі деп білемін. Қазіргі парламенттің 30 пайызы тікелей сайланған депутаттар. Халықтың тек, қана сайлап қоймай оны қайтып алуға да құқығы бар.

Тағы бір өзгеріс Президент бір мерзімге 7 жылға сайланды. Оның жақын туыстарына саяси мемлекеттік қызметші болуға және квазимемлекеттік секторда басшылық лауазымдарды иеленуге заң жүзінде тыйым салынды. Ата заңдағы жаңғыру жолы тұтас мемлекеттің одан әрі дамуына сеп болып отыр.

Нақтырақ айтсақ, Конституция – ішкі де, сыртқы саясаттың бағытын айқындап, ел ішіндегі тәртіп пен тұрақтылықтың кепілі болып отырған басты құжат. Соңғы жылдарда құқық қорғау саласы бойынша маңызды өзгерістер енгізілді. Атап айтсақ, Конституциялық сот құрылды. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің мәртебесі Ата заңмен айқындалды. Мұның бәрі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін жасалып жатыр.

Қоғамның өркендеуіне қарқын қосып, Қазақстан халқының бірлігіне жол бастаған Ата Заңда бекітілген республикамыздың тұғырлы қағидаттары бүгінде өзінің өміршеңдігін дәлелдеді. Қазақстан халықаралық қоғамдастықта лайықты орын алып, биік белеске көтерілгені осының айғағы. Әрбір қазақстандық келешекке керуен тартқан мемлекетіміздің тұрақты дамуының кепілі Конституцияның мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, өзінің жеке басы мен отбасы үшін де маңыздылығын терең сезінеді, біледі, білуі керек.

Адам өзінің құқығының үстемдік еткенін қаласа бірінші кезекте конституцияны жақсы білуі керек. Оның ішіндегі негізгі, фундаметалды құқықтарын білуі қажет.

Гүлім ЕРКІНБЕКОВА.

ИМАНДЫЛЫҚ ИІРІМДЕРІ

ДИНДЕ ЗОРЛЫҚ – ЗОМБЫЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Қазақстан – қазіргі күнде халықаралық қоғамдастықта толеранттылыққа, конфессияаралық келісімге және Қазақстан халқының біртұтастығына негізделген бірізді және жүйелі ішкі саясатты іске асырып отырған ел ретінде танымал. Мемлекеттік органдар біртұтас Қазақстан халқының діни өміріне, бейбіт тіршілік кешулеріне және жасампаздықпен еңбек етуіне қажетті барлық жағдайды жасап отыр. Халқымыз осыны жақсы түсініп, табысты және дамыған мемлекетті қалыптастыруға бағытталған бастамаларды қолдау үшін қолдарынан келетіннің барлығын жасауда. Сол себепті, әрбір қазақстандық азамат ортақ тарихы, мәдениеті мен өз халқының ортақ ісіне қосқан үлесін қастерлеп жүргені дұрыс.

Президентіміз Қазақстанды бейбітшілік пен достықтың тиімді моделіне айналдыру жолында ауқымды саяси қадамдар жасауда. Көріп отырғанымыздай, біздің толерантты, кеңпейілді халқымыздың діндарлығы барлық адамдармен, түрлі діни сенім және мәдениет өкілдерімен келісім мен өзара түсіністікті сақтауға зор ықпал етуде.

Дін дегеніміз тек сенім жүйесі емес, ол – өмір сүру мәнері, рухани құндылықтар бастауы, моральдық нормалар жиынтығы, қарым - қатынас әдебі, жақсы мен жаманды, адал мен арамды ажыратушы рухани қағидалар жүйесі.

Жасампаз әлеуетке ие дін атаулыға «зорлық - зомбылық» ұғымы тән емес. Кез келген дін бірлікке, жақсылыққа шақырады.

Олардың ішінде Ислам діні – барлық уақытта жақсылыққа, сабырлыққа, жасампаздыққа шақырады. Мұсылман жамағаты – ежелден бері мейірімділіктің үлгісі болып келді. Дін ешқашанда адамды жамандыққа үйретпейді, бүлік салуға бағытталған барлық әрекеттерді айыптайды, дінаралық келісімді уағыздайды.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) басқа дін өкілдерінің құқығын сақтау және олармен жақсы қатынаста болу әрбір мұсылманның міндеті болып табылатыны туралы көптеген хадистері бар.

Зорлықпен, күшпен дінге шақыру исламға жат. Дүниежүзілік дін бетпердесін бүркенген радикализм, экстремизм, терроризм секілді



жат дүниетанымдар «Дінді күшпен жеткізу керек» деген түсінікте. Ол түсінікті жою дінді дұрыс түсінуден, қабылдаудан басталмақ.

Дін – адамзаттың абыройын асыратын, рухани құндылықтарын байытып, нығайтатын қуатты күш екенін ұмытпауымыз керек. Міне, сондықтан да, біз бұл күшті әрбір қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді қалыптастыруға, әрбір елдің гүлденуіне бағыттауымыз қажет. Осыған байланысты ислам өзара сыйластық пен өзара түсіністікті нығайтуда маңызды рөл атқарады.

Аты аңызға айналған біздің ел билеушілеріміздің өз халқының бейбітшілігі мен тыныштығын сақтауға бар күш-жігерін жұмсағанына бейбітсүйгіш қазақ халқының сан ғасырлық тарихы куә. Бұл игі дәстүр бүгінгі күнге дейін сақталып келді және Қазақстанның досқа – адал және өз көршілеріне тілеулес ел екенін дәлелдеуде.

Тәуелсіздігімізді алғаннан бері елімізде орнаған келісім мен бірлік осы жағдайда үлгі бола алады. Міне, осындай өзара қарым - қатынас туралы қасиетті Құранда да айтылады: «Өзара жақсылықта, тақуалықта жәрдемдесіндер, күнеда және дұшпандықта жәрдемдеспендер. Алладан қорқындар: күдіксіз Алланың азабы қатты!» («Мәйда» сүресі, 2-аят). Осы сөздер адамгершілікке, Алланың тура жолымен жүруге және барлық жамандықтан алыс болуға шақырады.

Қазіргі таңда әкімдіктерде, діни қызмет саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органдарда олардың әдістемелік қолдауымен жүздеген ақпараттық топтар құрылған, олар адамдармен кездескенде қарапайым сөзбен халық мәдениеті, діннің мәні туралы ақпарат беріп, өз елінің па-

триоты болуға, заңға бағынуға шақырады.

Бір куантатыны қазір жастарымыз дінге жақсы көңіл бөлуде. Мешіттерде исламның шынайы құндылықтары туралы ақпарат жеткізетін уағыздар тыңдап, күнделікті бес уақыт болмаса да жұма намазынан қалмайтынын байқап жүрміз.

Сонымен қатар қазіргі таңда өзекті тақырыптардың бірі болып отырған тұрмыстық зомбылық, оның ішінде әйелдерге жасалатын зорлық - зомбылық өкінішке орай басты орындарда. Әйел тақырыбы, соның ішінде дін және әйел мәселесі қай қоғамда, қай кезеңде болмасын өзіндік маңызға ие болған. Әрбір дін әйел затының отбасындағы, қоғамдағы орны мен құқықтарына қатысты өзіндік көзқарасын білдірген. Соның ішінде әйелдер қауымының құқықтарын ерекше жоғары деңгейге көтерген және оның отбасындағы міндеткерліктерін белгілей отырып, қоғамдағы орнын айқындап берген ислам діні өзге діндерден оқ бойы озық тұрады. Ислам негіздері бойынша ерлер мен әйелдер Алла алдында тең. Мұхаммед пайғамбар хадистерінде отбасылық қатынастарда әйел затына мейіріммен, құрметпен қарау насихат етіледі. «Жәннат – аналардың басқан ізінің астында» деп әйел-ананың тұлғасы ерекше ұлықталады.

Халық даналығында «Бірлік түбі – тірлік» деген сөз бар. Сол себепті, барлық адамды тек ізгі амалдар жасауға шақырамын. Ұлы Жаратушы Иеміз біздің жақсы іс-амалдарымызды қабыл етіп, барлығымызды екі дүниеде де Өз мейіріміне бөлесін!

Фархат НОҒАЙШАЕВ,
Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп - гимназиясының тарих пәні мұғалімі.

САЛЫҚ ЖӘНЕ БЮДЖЕТКЕ ТӨЛЕНЕТІН БАСҚА ДА МІНДЕТТІ ТӨЛЕМДЕР ТУРАЛЫ

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексіне) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына қол қоюына байланысты, салық заңнамасына жалпыға декларациялау бөлігіне енгізілген.

Салық органдарының құқықтары мен міндеттері бойынша

Салық кодексінің 19 бабына (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 60 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі):

1-тармақтың 6) тармақшасы салық органдарына екінші деңгейдегі банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан салық органдарының сұрау салуын алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде:

активтер мен міндеттемелер туралы, кірістер мен мүлік туралы декларацияны ұсыну жөніндегі міндет туындаған жеке тұлғаның банктік шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақша қалдықтары туралы;

20 000 еселенген АЕК мөлшерінен асатын мүлікті күнтізбелік бір жыл ішінде сатып алуға байланысты кірістер мен мүлік

туралы декларацияны табыс ету міндеті туындаған жеке тұлғалар бойынша банк шоттарындағы ақша қозғалысы туралы мәліметтерді алуға мүмкіндік беретін Салық кодексінің 24-бабы 13-1) және 13-2) тармақшаларына сілтеме жасаумен толықтырылды.

8) тармақша кірістер мен мүлік декларациясында көрсетілген, мемлекеттік немесе өзге де тіркеуге жататын мүлік, сондай-ақ ол бойынша құқықтар және (немесе) мәмілелер мемлекеттік немесе өзге де тіркеуге жататын мүлік туралы мәліметтердің анықтығы бөлігінде тексеруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, «кірістер мен мүлік туралы» сөзімен толықтырылды.

Екінші деңгейдегі банктердің міндеттері бойынша

Салық кодексінің 24 бабына (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 60 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі):

13) тармақша:

үшінші абзац 13-1) тармақшасына ауыстырылуына байланысты алып тасталды; төртінші абзац редакцияны нақтылау мақсатында екінші деңгейдегі банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың салық органының сұрау салуын алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде банк шоттарының болуы және олардың нөмірлері, қалдықтары туралы мәліметтерді табыс ету міндеті бөлігінде, мәлімет тек дара кәсіпкер немесе жеке практикамен анықтатын тұлға ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғалар үшін ғана емес, қарапайым жеке тұлғалар үшін де ұсынылуы үшін «оның ішінде» деген сөзбен толықтырылды;

екінші деңгейдегі банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың салық органының сұрау салуын алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде:

активтер мен міндеттемелер туралы, кірістер мен мүлік туралы декларацияны

ұсыну жөніндегі міндет туындаған жеке тұлғаның банктік шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақша қалдықтары туралы;

20 000 еселенген АЕК мөлшерінен асатын мүлікті күнтізбелік бір жыл ішінде сатып алуға байланысты кірістер мен мүлік туралы декларацияны табыс ету міндеті туындаған жеке тұлғалар бойынша банк шоттарындағы ақша қозғалысы туралы мәліметтерді алуға мүмкіндік беретін жаңа 13-1) және 13-2) тармақшаларымен толықтырылды;

14) тармақша:

бірінші бөлігі екінші деңгейдегі банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан салық органының сұрау салуын алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде сыйақыны қоса алғанда, өтеу сомаларын көрсете отырып, кірістер мен мүлік туралы декларацияны ұсыну бойынша міндеті туындаған жеке тұлғаға берілген кредиттер туралы мәліметтерді ұсынуын қамтамасыз ететін «кірістер мен мүлік туралы» сөзімен толықтырылды;

екінші бөлігі жаңа 13-1) және 13-2 тармақшаларына сілтеме жасалуына байланысты қайта жазылды.

АҚСУ АУДАНЫ БОЙЫНША КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ.

● МАМАН КЕҢЕСІ

БОТУЛИЗМНЕН АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

Үй шаруасындағы әйелдердің көбі маусымда әртүрлі көк-өністерді, жемістерді, жидектерді, саңырауқұлақтарды герметикалық қақпақтармен жауып, дайындайды. Консервіленген өнімдерді дайындау қағидалары сақталмаған жағдайда банкада өлім - жітімге әкелетін қауіп – ботулизм болуы мүмкін.

Ботулизм – тағамнан уланудың өте ауыр түрі. Бұл ауру дайындалу кезінде технологиялық процесі сақталмаған консервіленген саңырауқұлақ, баклажан, көкөніс және жеміс тағамдарын, сонымен қатар сүрленген (окорок, балық) тамақты қолдану салдарынан пайда болады. Ауру бірнеше сағаттан 5 тәулікке дейін дамиды. Науқас айналадағы адамдар үшін қауіп төндірмейді. Иммунитет қалыптаспайынша, қайта жұқтыруы ықтимал.

Аурудың басталуы әдетте жіті болып келеді. Науқастар



іштің ауырсынуына, жүрек айнуына, құсуға, дене қызуының жоғарылауына, нәжістің бұзылуына шағымданады, содан кейін метеоризм, іш қату, іштің толуы, ауыздың құрғауы, бұлшықеттердің әлсіздігі, көру қабілетінің бұзылуы дамиды.

Ботулизм ауруының алдын алу мақсатында мынадай ұсынымдар беріледі:

- тамақ өнімдерін консервілеу кезінде санитариялық және

технологиялық қағидаларды қатаң сақтау;

- базардан, сауда орындарынан, оның ішінде ретсіз сауда орындарынан үй жағдайында дайындалған, консервіленген саңырауқұлақ, көкөніс, салат, ет, балық өнімдерін сатып алмау;

- консервіленген өнімдерді пайдаланған кезде қақпағы көтерілген (ісінген) өнімдерді тұтынбау;

- жеміс-жидек пен көкөністерді консервілеген кезде оларды мұқият жуу және тазарту;

- әртүрлі салаттар, тұздалған көкөністер дайындағанда банкілерді залалсыздандыру және санитариялық-гигиеналық талаптарды мұқият орындау.

Ескерту! Аурудың алғашқы белгілері пайда болған кезде дереу медициналық көмекке жүгіну қажет. Дәрігердің нұсқауынсыз ем қабылдауға болмайды!

А ВИРУСТЫҚ ГЕПАТИТІ

А вирустық гепатиті – вирус көзі науқас адам болып табылатын жіті инфекциялық ауру. Гепатиттің қоздырғышы – вирустардың ішек тобына жататын вирус.

Вирус организмге ішек инфекцияларына тән: су, тағамдық және тұрмыстық - қарым - қатынас жолдарымен түседі.

Бұл ретте берілу факторлары: лас қолдар, сондай-ақ, вирус жұқтырған барлық заттар (азық - түлік, көкөністер, жемістер, жидектер, аскөк) болып табылады.

Жұқтыру шаруашылық - нәжіс ағындарымен ластанған су айдындарында шомылу кезінде болуы мүмкін. Сарғаюсыз, аурудың белгісі аз және субклиникалық нұсқалары бар адамдарда негізгі эпидемиологиялық маңызы бар. Вирус бауырды зақымдайды, вирус бөлшектері асқазан-ішек жолдарының сілемейлі қабығы арқылы сіңіріледі және қан айналымының жалпы жүйесіне түседі.

Вирус сау адамның организмне түскеннен кейін жасырын өтеді, инкубация деп аталатын жасырын кезең А гепатиті кезінде 14 күннен 35 күнге дейін созылады. Содан кейін аурудың белгілері пайда болады: дене қызуы көтеріледі, бас ауырады, төбет төмендейді, әлсіздік, жүректің айнуы, құсу байқалады. Көптеген ауырған адамдарда қатаралдық құбылыс, тамақтың қызаруы байқалады. Зәр қараяды, сыраның түсіне ұқсайды, керісінше нәжіс ағарады.

А гепатитінің вирусы сарғаю пайда болғаннан бұрын науқастың нәжісімен бөліне бастайды, яғни сарғаю кезеңінің алдында пайда бола-

ды. Аурудың осы кезеңінде ауырған адамдар айналасындағылар үшін барынша қауіпті болып табылады. Сарғаю кезеңінің пайда болуымен (көздің ағының және тері жабындарының боялуы) вирустың бөлінуі күрт азаяды және жұқтыру күрт төмендейді. Ауырып сауыққаннан кейін тұрақты, өмірлік иммунитет пайда болады. Профилактикалық шараларды сақтау кезінде аурудың алдын алуға болады.

А гепатитінің алдын алу шаралары:

- тамақ ішер алдында, дәретханаға барғаннан кейін, жұмыстан, серуеннен қайтып оралған кезде қолды жуу;

- ашық су айдындарынан қайнамаған суды ішпеу және онымен жемістер мен көкөністерді жуу;

- ағынды сулар түсуі мүмкін су айдындарында шомылмау;

- адамдар болатын үй-жайларда: үйде, жұмыста, қоғамдық тамақтану объектілерінде, сауда, коммуналдық, өнеркәсіптік үй-жайларда тазалықты сақтау;

- экзотикалық өнімдерді, әсіресе шикі устрицаны, мидия, моллюскаларды тұтынбау.

А вирустық гепатитінің алдын алу үшін арнайы профилактика – вакцинациялау. Вакцинациялауға: 1) екі жастағы балалар; 2) А вирустық гепатиті ошақтарында байланыста болған күннен бастап алғашқы екі аптаны қоса алғанда, он төрт жасқа дейінгі байланыста болған адамдар; 3) 14 жасқа дейінгі балалар, В және С созылмалы вирустық гепатиттермен ауыратын ремиссия кезеңіндегі адамдар жатады.

БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН ӨНІМДЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ТУРАЛЫ

Жылдан жылға жаңа оқу жылы басталар алдындағы басты тақырып және әрбір отбасының уайымы мектеп формасы мен ранецті дұрыс таңдау болып табылады. Дұрыс таңдалған киім бала денсаулығы үшін өте маңызды. Мектеп киіміне қойылатын негізгі талаптардың бірі оның ыңғайлы болуы болып саналады. Ол баланың қозғалысына кедергі болмауы тиіс, өлшеміне сәйкес келуі, денесіне ыңғайлы болып, ауа райына сай болуы қажет.

Киім мен аяқ киімге қойылатын гигиеналық талаптарды сақтау баланың білім беру мекемесінің үй-жайларында болған кезде қолайлы жағдайды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мектепке арналған киімге қойылатын барлық қажетті талаптар «Балалар мен жасөспірімдерге арналған өнімнің қауіпсіздігі туралы» Көден одағының техникалық регламентімен (КО ТР 007/2011) реттеледі. Техникалық регламентке сәйкес ол химиялық, биологиялық қауіпсіздікті (бос формальдегидтің массалық үлесі, гигроскопиялығы, ауа өткізгіштігі) қамтамасыз

ететіндей етіп дайындалуы тиіс. Киімге арналған материалдар бояуының орнықтылығына қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс. Есіңізде болсын, бала мектеп формасында бес-алты сағат немесе одан да көп уақыт өткізеді, сондықтан синтетикалық материалды таңдамаңыз. Бұл баланың жүйке жүйесіне әсер ететін статикалық электр энергиясының жиналуына ықпал етеді, яғни ол тітіркенуді тудыруы және тез шаршауға әкелуі мүмкін. Табиғи талшықтар басым аралас маталардан жасалған өнімді алған дұрыс. Мақта мен зығыр маталарын жаз бен көктемгі уақытқа, жүн мен кашемирді күз бен қыс уақытына таңдаған абзал.

Сонымен бірге балалар киімін сатып алғанда, таңбалауды оқып шығыңыз, ол сенімді, анық, оңай оқылатын, мемлекеттік және орыс тілдерінде болуы керек. Таңбалау келесі ақпаратты қамтуы керек:

- өнім дайындалған елдің атауы;

- дайындаушының (дайындаушы уәкілеттік берген тұлғаның), импорттаушының, дистрибьютордың атауы және орналасқан жері;

- бұйымның атауы;

- дайындалған күні (айы, жылы);

- «ЕАС» белгісі;

- материалдағы табиғи және химиялық шикізаттың түрі мен салмақтық үлесі (пайыздық құрамы);

- жүннің түрі және оны өңдеу түрі (боялған немесе боялмаған);

- бұйымның өлшемі.

Сонымен қатар, қажет болған жағдайда:

- бұйымды күту символдары және (немесе) пайдалану процесінде бұйымды күту ерекшеліктері жөніндегі нұсқаулық;

- бұйымның түрі (мақсаты);

- өнімнің қызмет ету мерзімі;

- кепілді қызмет ету мерзімі;

- бар болған жағдайда: тауар белгісі.

Сонымен қатар, балалар киіміне оның техникалық регламенттер талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар (сәйкестік сертификат, сәйкестік туралы декларация) болуы тиіс.

Әйгерім НҰРБАЕВА,
аудандық
СЭББ санитариялық - эпидемиологиялық бақылау, қызметті жоспарлау және талдау бөлімінің басшысы.

● БІЛГІМ КЕЛГЕН БІР СҰРАҚ?

МӘМС ТУРАЛЫ ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР

МЕДИЦИНАЛЫҚ
САҚТАНДЫРУ
ҚОРЫ



ФОНД
МЕДИЦИНСКОГО
СТРАХОВАНИЯ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры медициналық көмек алу мәселесі бойынша жиі қойылатын сұрақтардың жаңа топтамасын дайындады. Олардың басым бөлігі сақтандыру мәртебесіне қатысты.

Елімізде МӘМС жүйесі 2020 жылдан бастап енгізілді және амбулаториялық көмектен бастап, күрделі хирургиялық операцияларға дейінгі кең ауқымды медициналық қызметтерді қамтиды. Дегенмен, қазақстандықтардың көпшілігі сақтандырылғанына қарамастан, мәртебе мен медициналық көмек алу мүмкіндіктеріне қатысты сұрақтар әлі де туындайды.

– «Әрбір азамат МӘМС жүйесінің қалай жұмыс істейтінін түсініп, өз құқықтарын пайдалана білуі маңызды. Біз халықты мазалайтын және жиі қойылатын сұрақтарды жинап, оларға нақты әрі түсінікті жауаптар беруге тырыстық», – деп атап өтті Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры басқарма төрағасының орынбасары Индира Саркенова.

1. Мен жақында ресми жұмысқа орналастым. Енді МӘМС қашаннан бастап күшіне енеді?

Сақтандырылған мәртебесі қатарынан 12 ай (өткен немесе алдағы) үшін тұрақты төлем жасалған жағдайда беріледі. Егер сіз бұған дейін ресми жұмыс істемесеңіз, жұмыссыз ретінде жеңілдік санатына кірмесеңіз және төлемді жеке төлеуші ретінде жасамаған болсаңыз, онда жұмысқа орналасқан күннен бастап бір жыл өткен соң сақтандыру мәртебесі беріледі. Егер осы кезеңге дейін МӘМС бойынша медициналық көмек қажет болса, онда өткен 12 ай үшін төлем жасап, сақтандыру мәртебесін алуға болады.

2. Жақында несие алмақ болып едім, жұмыс берушім мен үшін төлем жасамайтынын білдім. Алайда, жалақыман жарна ұстап жүр екен. Бұл маған қалай әсер етеді және не істеуім керек?

Егер Сіз ресми түрде жұмыс істеп жүріп, жалақыдан жарна ұсталғанымен, жұмыс беруші Қорға төлем жасама-са, сіздің атыңыздан МӘМС жүйесінде қарыз жиналады. Соның салдарынан сіздің сақтандырылған мәртебеніз жойылып, сақтандыру пакетіндегі қызметтер – салалық дәрігерлердің кеңесі, диагностикалық тексерулер, жо-спарлы операциялар және т.б. – ала алмайсыз. Бұл жағдайда өз ұйымыңыздың бухгалтериясына жүгініп, төлемдердің неге жасалмағанын анықтауыңыз қажет. Мүмкін төлем дұрыс жүргізілмеген шығар немесе техникалық қате кеткен бо-лар. Егер бұл жұмыс берушінің

жауапсыздығынан болса, онда сіз мемлекеттік кірістер органдарына немесе еңбек инспекциясына шағым түсіріп, өз құқықтарыңызды қорғай ала-сыз.

3. Мен шетелде жүріп, бірнеше ай елде болмадым. Енді МӘМС бойынша емделуім керек. Мәртебемді қалай қалпына келтірсем болады?

Егер сіз бұған дейін тұрақты түрде жарна төлеп, сақтандырылған болсаңыз, онда өткізіп алған кезең үшін қарызды өтесеңіз жеткілікті. Өткен 12 ай үшін төлем болған жағдайда мәртебе қайта беріледі. Өткен бір жылдағы төлемдердің бар-жоғын Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының ресми сайтынан (<https://msqorg.kz/ru/>), Qoldau 24/7 мобильді қосымшасынан немесе Telegram желісіндегі Saqtandyrubot арқылы тексеруге болады.

4. Мен басқа қаладан көшіп келдім. Жаңа мекен-жай бойынша емханаға қалай тіркелемін?

Емханаға тіркелу электрондық үкімет порталы арқылы (https://egov.kz/cms/ru/services/child/494pass_mz) тиісті мемлекеттік қызмет шеңберінде жүзеге асырылады. Алдымен өзіңіздің тұратын аумағыңыз қай емханаға қарайтынын анықтау қажет. Мұны аймақтық анықтама қызметі арқылы білуге болады (мысалы, Астанада – 109 нөмірі). Содан кейін порталда авторизациядан өтіп, «Қызметке онлайн тапсырыс беру» батырмасын басыңыз. Ашылған терезеде өтінімді толтырып, оған ЭЦҚ көмегімен қол қою қажет. Жеке кабинетте (қызметтер алу тарихы бөлімінде) өтініміңіздің қаралуы жөнінде хабарламамен танысуға болады. Қызмет көрсету мерзімі өтіп кетсе, сіз тіркелуге сұраныс жіберген медициналық ұйымға тікелей жүгіне аласыз.

Тіркеуден бас тартпас үшін алдын ала емханада бос орындардың бар-жоғын нақтылап алған жөн.

5. Мен жүкті әйелмін, жеке гинекологқа қаралып жүрмін. Скринингтерді МӘМС арқылы тегін өте аламын ба?

Иә, скринингтік тексерулер, соның ішінде пренаталдық скрининг те МӘМС пакетіне кіреді. Сондай-ақ, жүкті әйелге зертханалық талдаулар, құралдық диагностика, бейінді мамандардың кеңесі де қолжетімді. Медициналық бақылаудан дер кезінде өту үшін тіркелген емханаңызда жүктілік бойынша есепке (12 аптаға дейін) тұру қажет.

«ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ» КЕАҚ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛІ.

ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

Ақсу ауданы әкімдігінің «Жансүгіров ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі Жансүгіров ауылдық округінің орталық саябағындағы аумағы 9 га жер теліміне жаңадан ағаш көшеттерін отырғызуға дайындау және өсіп тұрған ескі ағаштарын алу жөнінде 2025 жылғы 02 қыркүйек күні сағат 1500 де Жансүгіров ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратында тыңдау өтетіні туралы хабарлайды.

● БІР ТАҚЫРЫПТА - ЕКІ МАҚАЛА

ЭЛЕКТРОНДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ НАСИХАТТАУ

Мемлекеттік қызмет жүйесін электронды форматта жетілдіру және оған азаматтардың еркін қолжетімділігін қамтамасыз ету үкімет алдында тұрған маңызды стратегиялық міндеттің бірі болып табылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер жеке мемлекеттік функцияларды іске асырудың бір түрі. Мемлекет алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі жоғары сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуге барлық халықтың бірдей қол жеткізу бұл мәселе заң жүзінде бекітілген.

Тұрғындарға «өзіне-өзі қызмет көрсету секторы арқылы да, үйден шықпай-ақ мемлекеттік қызметтерді алу үшін ЭЦҚ алу қажеттігі туралы жеткізілді. Түсіндіру электрондық үкімет және электрондық қызметтер, электрондық-цифрлық қолтаңбаны қашықтан алу, бір реттік пароль арқылы қызметтерді алу сияқты тақырыптарға жүргізілді.

Мемлекеттік қызмет — көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға бағытталған мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

Жаңалық ауылдық округінде әкім аппараты жұмысының ажырамас бөлігі және басты бөлігі мемлекеттік қызмет көрсету болып табылады.

Мемлекеттік қызметтер қатарына: "Жер учаскесін жалдау мерзімін ұзарту" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары; "Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары; "Жер учаскесін алу үшін кезекке қою" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары; "Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары; "Елді мекендер шегінде объектілер салу үшін жер учаскелерін беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары;

"Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары.

Халықтың мемлекеттік қызметтерге қолжетімділігін арттыру мақсатында әкім аппаратында өзіне-өзі қызмет көрсету секторы жұмыс істейді. Қажет болған жағдайда аппарат мамандары порталды пайдалану бойынша азаматтардың туындаған сұрақтарына жауап береді, электрондық цифрлық қолтаңба болған кезде көрсетілетін қызметтерді алу туралы ақпарат береді.

Компьютермен жұмыс тәжірибесі жоқ азаматтар электрондық үкімет порталы арқылы өз бетінше пайдаланушыларға көмек көрсетіледі. Оларға үйден шықпай-ақ барлық мемлекеттік қызметтерді алуға мүмкіндік береді.

Халыққа мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша ақпарат беру және қол жетімділік мақсатында мемлекеттік мекеме ғимаратында көрнекі ақпарат бар стенд орналастырылған (көрсетілетін қызметтер тізімі, өтініш үлгілері, шағымдар журналы).

Округте мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша халықты ақпараттандыру бойынша тұрақты түрде: түсіндірме әңгімелер, дөңгелек үстелдер және осы тақырып бойынша ауылдық жиындарда брошюралар мен парақшалар берумен жұмыстары жүргізіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша шағымдар түскен жоқ.

Мемлекеттік қызметтерді алу туралы барлық қызықтырған сұрақтарға жауаптарды мына телефондар арқылы ала аласыз: 8(728)3227538 Жетісу облысы Ақсу ауданы әкімдігінің «Жаңалық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, Жаңалық ауылы, Диханбай Нұрғалиев көшесі, №1.

Гүлмира ҮДЫРЫШБАЕВА,
Жаңалық ауылдық округінің бас маман - іс - жүргізушісі.

«Ақсу ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызмет жайлы ақпарат.

Қызметтің атауы: 2 - разрядты спортшы, 3 - разрядты спортшы, 1 - жасөспірімдік разрядты спортшы, 2 - жасөспірімдік разрядты спортшы, 3 - жасөспірімдік разрядты спортшы спорттық разрядтарын және біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы - оқытушы, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы оқытушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы - спортшы, спорт төрешісі біліктілік санаттарын беру.

Қызметті онлайн алу: Порталда авторизациядан өтіп "Онлайн сұратым" батырмасын басыңыз.

Барлық қажетті өрістерді толтырып, файлдарды тіркеңіз.

Өтінімге ЭЦҚ (электрондық цифрлық қолтаңба) қол қою немесе смс-паролінің көмегімен қол қойыңыз (міндетті түрде мобильдік азаматтар базасында тіркеу бар болу қажет).

Жеке кабинетте («Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде) көрсетілген уақыт ішінде келіп түсетін сіздің өтініміңізді өңдеу туралы хабарламамен танысыңыз.

Қызметті «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ арқылы алу (қажетті құжаттар):

2-разрядты спортшы, 3 - разрядты спортшы, 1 - жасөспірімдік разрядты спортшы, 2 - жасөспірімдік разрядты спортшы, 3 - жасөспірімдік разрядты спортшы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлері бойынша:

1. Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған цифрлық құжат және (немесе)



көрсетілетін қызметті алушының өкілі жүгінген кезде - жеке тұлғаның нотариалды куәландырылған сенімхаты (сәйкестендіру үшін).

2. Бастапқы спорттық ұйымның мөрімен және қолымен куәландырылған қолдау хаты.

3. Спорт түрі бойынша облыс федерациясының мөрімен куәландырылған облыстық және (немесе) қалалық жарыстар, спорт түрі бойынша аккредиттелген облыс федерациясы болмаған жағдайда, облыстық дене шынықтыру және спорт жөніндегі атқарушы органның мөрімен куәландырылған жарыстар немесе аудандық, қалалық дене шынықтыру және спорт жөніндегі атқарушы органның мөрімен куәландырылған аудандық жарыстардың хаттамалары.

Қосымша ақпарат бөлімнің бас маманы Е.Тоғасовтан жұмыс күндері алсаңыз болады.

Е.ТОҒАСОВ,
аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің бас маманы.

КАРАНТИНГЕ ЖАТҚЫЗЫЛҒАН ӨНІМДЕРДІ ТАСЫМАЛДАУШЫЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

ҚР АШМ АӨК МИК Ақсу аудандық аумақтық инспекциясы тарапынан өсімдіктер карантині саласы бойынша төмендегі мемлекеттік қызметтер көрсетіледі:

Өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2023 жылғы 1 маусымдағы № 211 бұйрығына сәйкес, карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерге әкетуге фитосанитариялық сертификат алу үшін жеке немесе заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тиісті аумақтық бөлімшеге (көрсетілетін қызметті берушіге) электрондық нысанда "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы не қағаз түрінде аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесіне не "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) құжаттарды ұсынады.

Фитосанитариялық сертификат немесе оны беруден уәжді бас тарту өтініш тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде электронды немесе қағаз түрінде ресімделеді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде, өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспектор өтініш тіркелген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде карантинге жатқызылған өнімнің фитосанитариялық жай-күйін анықтау үшін карантинге жатқызылған өнімді жеке тексеруге барады.

Ғылыми-зерттеу мақсатында карантиндік объектілерді (карантиндік зиянды организмдерді) әкелуге келісуді алу үшін көрсетілетін қызметті алушы тиісті аумақтық бөлімшеге (көрсетілетін қызметті берушіге) портал арқылы электрондық нысанда құжаттарды ұсынады.

Карантиндік объектілерді ғылыми-зерттеу мақсатында әкелуге келісім-хат немесе оны беруден уәжді бас тарту өтініш тіркелген кезден бастап 2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ресімделеді."

Астық пен оның өңделген өнімдерін карантиндік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен жемістерін тіршілік ету қабілетінен айыруды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша өңдеу және (немесе) сүректі қаптама материала-

лын залалсыздандыру мен таңбалауды жүзеге асыратын объектілерге есепке алу нөмірін беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар. Өндіріс объектісіне есептік нөмір беру үшін көрсетілетін қызметті алушы тиісті аумақтық бөлімшеге (көрсетілетін қызметті берушіге) портал арқылы электрондық нысанда көрсетілген құжаттарды аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесіне, қағаз нысанда ұсынады."

Көрсетілетін қызметті алушы аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесіне не порталға жүгінген кезде:

1) аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсе жұмыскері өндіріс объектісіне есептік нөмір беруге арналған өтінішті келіп түскен күні тіркейді және оны өсімдіктер карантині

жөніндегі жауапты мемлекеттік инспекторды тағайындайтын аумақтық бөлімше (көрсетілетін қызметті беруші) басшысының қарауына береді;

2) өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспектор өтініш берілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде, аумақтық бөлімше (көрсетілетін қызметті беруші) өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде, өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспектор:

8 (сегіз) жұмыс күні ішінде карантинге жатқызылған объектінің Бірыңғай



фитосанитариялық талаптардың қарап-тексеруге барады; мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер болмаған кезде өндіріс объектісіне есептік нөмір беру туралы растауды (бұдан әрі – растау) ресімдейді.

Қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы өтінім бере алады.

Өтінім түскеннен кейін, өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор өнімнің фитосанитариялық жай-күйін жете тексеруге барады, қажет болған жағдайда үлгілер алып, фитосанитариялық сараптамаға жібереді. Фитосанитариялық сертификат карантинге жатқызылған өнімнің әрбір партиясына беріледі және оның жай-күйін куәландырады.

"Ғылыми-зерттеу мақсатында карантиндік объектілерді (карантиндік зиянды организмдерді) әкелуді келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі көрсету нәтижесі - Карантиндік объектілерді ғылыми-зерттеу мақсаттарында әкелуге арналған келісу-хат немесе уәжді бас тарту.

"Астық пен оның өңделген өнімдерін карантиндік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен жемістерін тіршілік ету қабілетінен айыруды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша өңдеу және (немесе) сүректі қаптама материалын залалсыздандыру мен таңбалауды жүзеге асыратын объектілерге есепке алу нөмірін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі көрсету нәтижесі - Өндіріс объектісіне есепке алу нөмірін беру туралы растау немесе уәжді бас тарту.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық түрінде.

Қызметтердің барлығы тегін көрсетіледі.

Карантинге жатқызылған өнімдерді шығару және енгізу бойынша туындаған сұрақтар бойынша Ақсу аудандық аумақтық инспекциясына Жансүгіров ауылы, Қ. Сәтпаев көшесі 2А жұмыс телефоны +77283220032 aksu.rti@mail.ru хабарласып кеңес алуға болады.

Г. САМАТОВА,
аудандық аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

Журналист болғым келеді

ШӘКІРТ ҮНІ

Жетісу жеріндегі ең қымбат аймақтың бірі мен үшін - Ақсу елі. Өйткені ол Қазақтың ірілерінің бірі - Илияс Жансүгіровтың, Кеңестер Одағының батыры Нұрсұлтан Есеболатовтың, Қазақстанның халық ақыны Қуат Төрібаевтың туған жері. Ең кереметтігі сол үшеуі де бір атадан тараған ұрпақтар.

Мен осы қасиетті бабалардың ұрпағымын, дәлірек айтсам Қуат Төрібаевтың туған шөбересімін.

Мен Қуат бабамды естігенім болмаса, көрген жоқпын. Бірақ, бабамның туғанына 100 - жыл толуына орай оның атына берілген Көкөзек орта мектебін, мәдениет үйінің алдына ол кісінің бейнесімен бронзыдан қойылған бюсті, Шадай жерінде қатқан зиратының қайтадан жаңартылып қалыпқа келтірілгенін кейіннен өз көзімен көріп мерейім өсіп үлкен қуанышқа бөленгенім әлі есімде.

Бабамның үш ұлы болыпты, солардың ішінен ортаншы ұлы Жармұхаметті менің туған атам өзіме ұқсаған, барлық болмысымен мені қайталайды деп өте жақсы көрген екен. Әр айтысқа барған сайын қасынан тастамай, ертіп жүріпті. Егер ол бір жолы айтысқа бармаймын десе, онсыз менің жолым болмайды деп, ешқайда шықпайды екен. Туған атам Жармұхаметті де көрмедім. Оны білетін туыстардың бәрі бір ауыздан оның сұңғақ бойын, үлкен талғаммен, ұқыптылықпен киім киісін, ешуақытта ашуға жол бермейтін сабырлы, маңғаз мінезін, үнемі мейірім шуағын төгіп тұратын қайырымдылығын, қарапайымдылығын, әр істе адалдығын, еңбекқорлығын, ауыздарынан тастамай айтып отырады. Атамыз ширек ғасыр ауданымызда «Союзпечать» агенттігін басқарып, республикалық, облыстық газеттермен тығыз байланыс жасап, оны аудан еңбеккерлерінің арасында кеңінен таратуға белсене қатынасқаны үшін алған «Құрмет грамотасы» мен «Алғыс хаттары» біз бүгін оның адал еңбегінің жемісі деп түсінеміз.

Ол бос уақытында аулаға, гүл егіп, оны күтіп баптауды өзінің күнделікті әдетіне айналдырған. Өз қолымен өсірген үлкен алма бағындағы әртүрлі алмалардың түрлері, олардың ауыздан кетпейтін дәмдерін татып, тоя жеуді тағдыр бізге

бұйыртыпты. Оқудан каникулға шыққан кезімізде Алматыдағы үйімізге бір күн аялдамай, бауырым Санжар екеуіміз Жансүгір кентінде тұратын Ажар апамыздың үйіне келіп, қасында дем алатынбыз. Бос уақытымызда велосипедімізге мініп, әкімшілік қасындағы үлкен алаңға емін - еркін теуіп, дем алып қайтатынбыз, бұл біздің күнделікті айнымас күн тәртібіміз еді. Сондай ақ, үйде болған уақытымызда ата өсіріп кеткен гүлдердің иісін иіскеуден жалыққан емеспіз. Сол гүлдердің иісі өзіне жетсе екен деп, зират басына жиі барып, өзі өсірген гүл шағын апарып қоюды әдетке айналдырдық.

Ағайын - туыстардың, апамыздың атам туралы айтқан өнегелі сөздері мен жақсы қасиеттері біздің Роза анамыздың бойында барына көз жеткіздік. Біздің Санжар екеуіміздің өміріміздегі үлгіміз анамыз. Ол Әл - Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінде оқытушы, доцент, география және туризм факультетін тамамдаған, ол жер шарының талай жерінде жұмысымен барып, көріп үлгерді. Санжар екеуіміз бабамызға, атамызға ұқсаған әулеттің адал ұрпағы болуға талпындық, Санжар мектепті де, университетті де алдыңғы қатарда аяқтап, қазір Германияда магистратурда. Мен мектепке алғаш барған күннен бастап сабақты тек 5-ке оқып, қоғамдық жұмыстардың бар түріне қатынасып, жан - жақты өнегелі оқушы болуды алдыма мақсат етіп қойдым. Сол мақсатыма жетіп, он бірінші сыныпты «алтын белгімен» аяқтадым. Ағылшын, француз тілдерін жетік меңгердім. Француз тілінен болған қалалық, республикалық Олимпиадада бірінші орынды иелендім. Алдағы арманды ойым өзім тандаған оқу орнына түсіп, атам сияқты республикаға әйгілі болмасам да, елімізге танымал журналист болғым келеді. Аянбай еткен адал еңбегімнің жемісін көретін күн жақындағандай көрінеді. Оған мен шын жүрегіммен сенемін.

Заң мен тәртіп қатаң сақталып, еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, әділетті Қазақстанның нық орнығатына шексіз үлес қосатындардың алдыңғы қатарынан көрігім келеді.

Сания ЕРЛАНҚЫЗЫ.

ТАЗАЛЫҚ - ТӘРТІП ПЕН МӘДЕНИЕТТІҢ АЙНАСЫ

Ақсу ауданында «Таза Қазақстан» акциясы аясында кешенді жұмыстар жүргізілуде.

Қоғамның дамуы мен өркениетті ел болудың басты өлшемдерінің бірі – қоршаған ортаның тазалығы мен халықтың экологиялық мәдениеті. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, елімізде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы бастау алып, республика көлемінде ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Аталған бастама елді мекендерді абаттандыру, санитарлық тазалықты сақтау, қоғамдық орындарды күтіп ұстау және қоршаған ортаға ұқыпты қарауды дағдыландыру мақсатында қолға алынған.

Ақсу ауданында да бұл акция аясында жүйелі әрі нәтижелі жұмыстар атқарылуда. Аудан әкімдігі мен аудандық полиция бөлімі, ауылдық округ әкімдіктері, учаскелік полиция инспекторлары және жауапты мекемелер бірлесе отырып, елді мекендерде тазалық пен тәртіпті сақтау, құқықбұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ тұрғындар арасында тазалық мәдениетін қалыптастыру бағытында нақты іс-шараларды жүзеге асыруда.

Жұмыстардың басты бағыты – тек құқықбұзушыларды жазалау емес, сонымен қатар тұрғындарға заң талаптарын түсіндіру, қоғамдық сана мен жауапкершілікті арттыру. Бұл бағытта ауыл тұрғындары арасында түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Учаскелік полиция қызметкерлері әр округте қоқыс тастау, көше бойларына құрылыс қалдықтарын төгу сынды әрекеттердің құқықтық жауапкершілігі туралы түсіндірме жұмыстарын ұйымдастыруда.

Аудан бойынша 2025 жылдың шілде айында ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 505-бабы (абаттандыру қалдықтарын бұзу) бойынша 175 азаматқа әкімшілік хаттама толтырылды. Сонымен қатар, 434-2-бап (қоғамдық орындарды ластау) негізінде 3 азаматқа айыппұл салынып, заң шеңберінде жауапқа тартылды. Бұл – аудан көлемінде тазалықты қамтамасыз ету бағытында қабылданған шаралардың нақты нәтижесі.

Тазалық мәселесі тек жазалау арқылы шешілмейді. Осыған орай, аудан аумағында сенбіліктер ұйымдастырылып, елді мекендерді көркейту және



кеғалдандыру жұмыстары жүргізілуде. Жасыл желек отырғызу, жол бойларындағы шөптерді шабу, рұқсатсыз төгілген қалдықтарды тазалау – бұл жұмыстардың бір бөлігі ғана.

Айта кету керек, «Таза Қазақстан» акциясы – маусымдық немесе уақытша шара емес. Бұл – бүкіл халықтың санасына сіңірілуі тиіс күнделікті өмір салтына айналатын бастама. Қоршаған ортаны қорғау – әрбір азаматтың жеке жауапкершілігі екенін түсіну – бүгінгі күннің басты талабы. Әрбір отбасы өз ауласын, көшесін таза ұстаса, ауыл ажары кіріп, ел келбеті арта түспек.

Ақсу аудандық полиция бөлімі бұл бағыттағы жұмыстарды үздіксіз жалғастыруда. Әрбір анықталған құқықбұзушылық бойынша тиісті шаралар қабылданып, тұрғындармен түсіндіру жұмыстары қатар жүргізіледі. Сонымен қатар, ауылдық округ әкімдерімен бірлесіп, тазалық мәдениетін қалыптастыру бағытындағы ақпараттық-насихат жұмыстары да қарқын алып отыр.

Құрметті аудан тұрғындары! Бәрімізге ортақ міндет – туған жеріміздің көркеюіне, тазалығына үлес қосу. Көшеге емес, қоқыс жәшігіне тастайық. Көше – бәріміздің айнамыз. Аулаңызды, көшенізді таза ұстау – өз балаңызға қалдырар өнегенің бір көрінісі. Табиғатты аялау – өзімізге деген құрмет, келешек ұрпақ алдындағы парыз.

Таза ауыл – жарқын болашақ кепілі. Ақсу жері – бәріміздің ортақ үйіміз. Оған деген қамқорлық – әрқайсымыздың жүрегімізден басталады!

АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

«QOSYL» МОБИЛЬДІ ТОБЫ АҚСУ АУДАНЫНДА

Жастарға пайдалы ақпарат ұсыну, жұмыспен қамту мүмкіндіктерін кеңейту, кәсіптік бағдар беру және шығармашылық пен сергек өмір салтын насихаттау мақсатында биылғы жылдың 1 тамызы күні 19:00 - де орталық алында Жетісу облыстық «Jetisy jastary» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жастарды ақпараттандыру, қолдау және белсенділікке тарту мақсатында құрылған «Qosyl» мобильді тобының Ақсу ауданы, І.Жансүгіров ауылы, орталық алыңында іс - сапары ұйымдастырылады.

Шара аясында ақпараттық кеңестермен қатар, жастардың бос уақытын тиімді өткізуге арналған көңілді бағдарламалар ұсынылды.

БАҒДАРЛАМАДА:

- Бос жұмыс орындары жәрмеңкесі
- Ақпараттық түсіндірме жұмыстары
- Ақсу агротехникалық колледжі мен Қапал кәсіптік колледжінің студенттерді тарту мақсатында таныстырылымы
- Концерттік бағдарлама
- Спорттық шаралар
- QOSYL: Eco Quiz
- Арбуз Party
- Tik –tok түсіру аймақтары
- Жүлделер мен шағын сыйлықтар
- Би кеші



Іс - шараның форматы – жастарға заманауи, тартымды және интерактивті кеңістікте ақпарат беру мен оларды белсенділікке тарту.

Шараны ұйымдастырушы: «Jetisy jastary» КММ «Aqsý jastary» филиалы. Байланыс нөмірі: +7 7782021909.

Б.ТІЛЕУБЕРГЕНОВА,
«Jetisy jastary» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Aqsý jastary» филиалының жетекшісі.

ОРМАН ЖӘНЕ ДАЛА ӨРТІН БОЛДЫРМАУ – МІНДЕТІМІЗ!

Биылғы жаз айлары ұзақ жылдардан бергі ең ыстық жаздың бірі болды. Аптап ыстық әлі басылар емес, Қазгидрот мамандарының болжауынша ыстық әлі жалғасытын көрінеді. Сол себепті, әр бір адам өрт қауіпсіздігіне аса мән беріп, биылғы жазды өртсіз өткізуімізді басты міндетіміз деп білуіміз қажет.

Ауданымыздың негізгі тыныс-тіршілік көзі егін және мал шаруашылығына негізделген. Халықтың басты күн көріс көзі болған осы екі сала өрт болған жағдайда аса ауыр материалдық шығынға ұрындыратыны айтпасақта түсінікті. Себебі, өрт жағдайы орын алып жатса, біріншіден шаруалардың егін алқабы жанып, мал жайылымдары күйіп кетеді. Бұл өз кезегінде шаруалардың бір жыл бойғы шығарған шығыны мен еткен еңбегін зая кетіреді деген сөз.

Дәл қазіргі кез, егістіктің сарғайып пісіп, жайылымдар мен шабындықтардың құрай бастаған бір ықтимал сәті екенін естен шығармағанымыз жөн. Осы кезең өрттің тұтануына аса қауіпті кезең болып саналады. Сол себепті әрбір ауыл тұрғыны мен жолда кетіп бара жатқан жолаушылар өрт қауіпсіздігін сақтайық!

- Егістіктерде, жайылымдарда от жағып тамақ пісіргенде, шылым шеккенде міндетті түрде тұтатқан құралыңыз бен, от қалдықтарын өшіріп, өшкеніне көз жеткізіңіз,

- Шөп тиегенде, мая жинағанда. Трактор муржасынан шыққан ыстықтан шөп өртеніп кетуі өбден ықтимал, сондықтан трактор муржасының техникалық толымдылығын тексеріп, қауіпсіздік ережесін сақтаңыз,

- Далалық аймақтарға әйнек құтыларды тастамаңыз, күннің радиостік қызуынан ол да өрттің тұтануына әкеп соқтырады,

- Жолдағы жолаушылар терезеден шылым тұқылын лақтырмаса, табиғат аясына шығушылар өрт қауіпсіздігін ескерсе,

- Балалардың қолына сіріңке немесе шақпақ заттарын бермеңіз, олармен ойнамауды ескертіңіз,

Қарапайым ережелерді сақтау, бас амандығымыздың кепілі!

Е.СЕЙІТҚАЗЫ,
Арасан ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.



"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күздік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде
Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 2254

Директор - бас редактор - 2-12-90, жауапты хатшы - 2-12-90.
Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz
Индекс: 66750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.